


**БОЕВОЙ ПУТЬ
314-ой КИНГИСЕППСКОЙ
ОРДЕНА КУТУЗОВА
СТРЕЛКОВОЙ ДИВИЗИИ
И ЕЕ ВЫБОРТСКИХ ОРДЕНА
АЛЕКСАНДРА НЕВСКОГО ПОЛКОВ**



314-ШІ КИНГИСЕПТ АТЫНДАҒЫ КУТУЗОВ ОРДЕНІНІҢ ДИВИЗИЯСЫ МЕН ОНЫҢ ВЫБОРГ АТЫНДАҒЫ АЛЕКСАНДР НЕВСКИЙ ОРДЕНІ ПОЛКТЕРІНІҢ ӘСКЕРИ ЖОЛЫ

**Материалды облыстық мұрағаттың аға ғылымы қызметкері
В.И. Шкуроның қатысуымен, 314 Атқыштар дивизиясының
ардагерлері П.А. Егошин, В.М. Туркин, И.Ф. Король дайындады.**



Фашистік басқыншылармен Кеңес халқына жүктелген ауыр және бұрын-соңды болмаған Ұлы Отан соғысының басынан бері 30 жыл өтті. Соғыс әрбір кеңестік отбасына көптеген қиыншылықтар мен қайғы-ақелді: біздің қалалар мен ауылдардың, зауыттар мен колхоздардың көптеген мыңдағаны жойылды.

Қазіргі таңда кеңес халқының жаңа буын өсіп, біздің ел нығайып, оның экономилық қуаты, ғылымы мен мәдениеті, кеңестік халықтың әл-ауқаты өсті.

Әр күн біздің адамдар үшін жаңа қуаныш пен жетістіктер әкелуде. Біздің социалистік Отанымыздағы халықтардың шығармашылық, қуанышты еңбегі, бізді адамзаттың жарқын болашағына – коммунизмге жақындатуда, әрбір кеңестік отбасыны бақыт сыйлауда.

Бірақ та, ешқашан халық жадынан, біздің жүрегімізден туған Отаны менөз халқының бақыты үшін шайқас алаңдарында өз өмірлерін қиған туыстар мен жақындардың және дос жолдастар туралы қайғы кетпейді.

Кеңес халқының жаңа буыны мен жастары Ұлы Отан соғысындағы жеңістің бізге қымбат жолмен келгенін, өз әкелерінің, шешелері мен бауырларының – Ұлы Социалистік Отаны ұлдарының ерліктері туралы білулері қажет.

Өткен соғыс оқиғаларын біз мақтаныш сезімімен еске аламыз. Ұлы шайқастарға қатысқандармен қатар кеңес адамдарының жас буыны да дұшпанмен өлім жауынгерлігінде адамзат болашағын сақтап қалған қаһармандар туралы естелікті құрметпен тұтатын болады. Жастар олардың ерлігіне сүйсініп, үлгі алатын болады.

Жұмысшылардың әлемдегі ең алғашқы социалистік мемлекетін жойып, кеңес халқын құлдарға аударуға тырысып, фашистік Германия және оның серіктестері КСРО-ға қарсы орсан әскери күшін жолдады.

Кеңес шекарасы маңында үш стратегиялық топ құрамында 190 дивизия – 5,5 млн. адам, 3700 астам танк, 5000 жуық тікұшақ, 47000 астам қару мен миномет және 193 әскери кеме шұғырланды. Кеңес-герман майданы бірден екінші дүниежүзілік соғыстың шешуші майданына айналды.

Өз халының қолдауына сүйеніп, коммунистік партияның басшылығы



астында, Кеңес қарулы күштері фашист әскерінің қуатты қыспағына жауап қайтара алды.

1941-1942 жылдардағы ауыр қорғаныс шайқастарында олар қарсыларсы қалжыратып, шешуші шабуылға көшті.

Ұлы Отан Соғысы социализм және империализмнің ереуіл күштері арасындағы аса ірі әскери шайқасқа айналды. Кеңес-герман майданындағы қиян-кескі шайқас нәтижесінен адамзат пен оның келешектік ұрпағының тағдыры тәуелді болды.

Алдамшы іс-әрекеттермен байланысты уақытша артықшылықтарын пайдалана отырып, фашистік әскерлер біздің туған жеріміздің шегін басып кіріп, Кеңес халқының бостандығы мен тәуелсіздігі үшін елеулі қатер құрды. Біздің әскер, күшті және ызалы жауға ерлік қарсылық көрсете отырып, шегінуге мәжбүр болды.

Осы қиын кезеңде лениндік партияның ұйымдастырушылық және көшбасшылық рөлі өзінің маңыздылығын көрсетті. Ол майдан мен тылды біріктіріп, олардың күш-жігерін ортақ мақсатқа - жау үстінен жеңіске бағыттады. Партия миллиондаған Кеңес халқын соғыс және еңбек ерліктеріне шабыттандырып, ел үшін күресте жол бастап, басқыншылардың толық жеңілісін қамтамасыз етті.

Коммунистер фашизмге қарсы күрестің алдында болды. Тарихта, Кеңес Одағының халықтары Ұлы Отан соғысында көрсеткен осындай танымал патриоттық ынта, батырлық, өзін-өзі құрбандыққа салу, темір төзімділік, тәртіптік пен бұқаралық ерлік белгілі емес.

Коммунистік партия мен Кеңес үкіметінің «Бәрі де майдан үшін - Бәрі де жеңіс үшін» ұранын орындай отырып, біздің еліміз жауға тойтарыс көрсету мақсатында қуатты қорын орналастыра бастады. Мемлекет тылында жаңа әскери бөлімдершелер – дивизиялар, корпусстар мен армиялар құрылды.

Осылай, біздің өңірде, 1941 жылдың 15 шілдесінен бастап, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау және Павлодар облыстарының тұрғындарынан тұратын 314 атқыштар дивизиясы қалыптаса бастады. Олардың арасында көптеген еріктілер болды – орыстар, қазақтар, украиндар, татарлар және басқа да ұлттар. Олар кеңес халқының бейбіт және сындарлы



өмірін бұзған жауға тойтарыс беру мақсанды, өз туыстары мен жақындарын, жұмысын және туған орындарын қалдырды. Командирлер бөлімшелерді біріктіріп, жауынгерлермен әскери дайындықпен айланысты.

Саяси қызметкерлер кеңестік мемлекет пен оны қорғау жөніндегі Ленин ілімдерін түсіндірді. Барлық бөлімшелерде партиялық және комсомолдық ұйымдар нығайды. Соғыс барысы мен майдандарында жағдай, Отанымыздың даңқы үшін жасалған жауынгерлердің ерліктері туралы сұхбаттар өткізіліп, саяси ақпараттар жеткізілді.

Дивизияның полктері мен бөлімшелері даңқты жауынгерлік жолын өтті.

Құрамтыру мен әскери дайындық айынан кейін, 1941 жылдың 25-27 тамызында дивизия Солтүстік-Батыс майданына келіп, Хвойное, Малая Вишера, Бологое арқылы шеру жасап, Новгородтан шығысқа қарай 52-ші резервтік армияның құрамына кірді.

Осы уақытта, майданда жағдай біздің әскерлер үшін өте қиын болды. Жеке айтқанда Солтүстік-Батыста неміс әскерлерінің тобы Ладога көлінің оңтүстік жағасына жетіп, Ленинград қаласын қоршауға алды. Фин әскерлері Петрозаводск және Олонецкой қаласын басып алып, Онега мен Ладога көлдері арасындағы шабуылын дамытып, Свирь өзенінің шекарасына жетті. Жаудың Ленинград тығыз қоршауға алып, оның қорғаушыларын аштықпен жою мақсаты айқын көрінді.

Жаудың бұл қатерлі жоспары бұзылды, осы ретте 314-ші дивизия сарбаздарының еңбегі зор болды. Жоғары қолбасшылықтың өкімімен дивизия финдердің шабуылын тоқтату мақсатында Свирь өзенінің шекарасына және Заостровье – Лодейное поле – Подпорожье ауданына бағытталды. Мұнда Свирь өзенінің шекарасында, (10-12 км қажеттілігінде) майдан бойында 100-ден астам км қорғанысқа алды.

Солтүстік Қазақстандықтар алғашқы әскери тәжірибесін алды, тұрақты, белсенді қорғаныс барысында жауға Ленинградқа өту үшін жол бермеді.

1941 жылдың 7 қыркүйегінен бастап, бір айдан астам дивизияның полктері мен бөлімшелері қарсыластың басым күштерімен қотыгер және тоқтаусыз ұрыстар жүргізді.



Орманды және батпақты мекен, жолдардың болмауы, байланыс, қару-жарақ пен оқ-дәрінің жоқтығы – барлығы біздің ұлы жауынгерлерге қосымша қиындықтар туғызды.

Қыркүйекте болған Подпорожье-Свирь-Заудандарындағы қақтығыстар қоян қолтық ұрысқа дейін жетіп, ауыр және қан төгісті болды. Нацистік әскерлер қосылу үшін жау бар күшін оңтүстікке жұмсады. 314-ші дивизиясына қарсы неміс дивизиясы күшейтілген финдер корпусы әрекет етті. Аса ауыр ұрыстар 1076-1078 полкінің және 03 590 АД жауынгерлеріне жатты.

Біздің әскерлердің жаңадан келген күшімен 21 және 114 дивизиялары жаудың шабуылын тоқтата алды. 314-ші дивизия үшін қорғаныс майданы 30 км қысқартылып, Свирь – 3 – Лодейное поле – Заостровье бойымен өтті.

Осы алғашқы қыркүйек шайқастарында солтүстікқазақстандықтар батылдық, ерлік пен адалдықтың жоғары үлгілерін көрсетті; біздің жүздеген жерлестеріміз ордендерімен және медальдарымен марапатталды.

Петропавл қаласынан болатын қызыл әскер жауынгері Кижин Яков Тихонович 1076 атқыштар полкінің зеңбірекші пулеметтің бағыттаушысы бола тұра, 1941 жылдың 15 қыркүйегінде Стальмост-Подпорожье ауданындағы финдердің шабуылы кезінде, жауды жақын ара-қашықтыққа жіберіп, өз пулеметінің алғашқы оқтарымен 70-80 сарбаз бен офицерлерді жойып, біздік атқыштар бөлімшелеріне қарсыластың шабуылын тоқтатуға мүмкіндік берді.

Сол полктегі зеңбірекші пулеметтің бағыттаушысы Петропавл қаласының тумасы қызыл әскер жауынгері Туркин Валентин Михайлович полктің ұрыс алаңына баруы кезінде бос орманда Стальмост-Погра ауданында Свирь өзенінің сол жағасына көшіп жатқан қарсыластың жасағымен кездесті. Тез арада пулеметін жөнге келтіріп, қарсыласқа оқ жаудырып, оны жоюға және қалған бөлімдерін Свирь өзенінің оң жағасына аударуға жағдай жасады.

1941 жылдың 18 қыркүйегінде Туркин Медведица селосының аумағында Свирь өзені арқылы өтір бара жатқан бір жарым ротаны құрайтын жаудың күштерімен ұрыс жүргізіп жатқан біздің атқыштар бөлімшелеріне



қолдау көрсетті. Өзінің зеңбірек пулеметін атқыштар бөлімшелерінің алдына қойып, ол жауды аяусыз жойды, нәтижесінде, моторлы қайықтармен өзеннің қарсы жағасына өтіп үлгерген 10-15 адамды есептемегенде қарсылас толық жойылып, суға батырылды.

1941 жылдың 22 қыркүйегінде Варбичи селосы үшін ұрыс барысында Туркин артиллерия және мылтық-пулеметтік оқ астында өз пулеметін село маңындағы биіктікке шағарып, селодағы қарсыласқа оқ жаудырды. Бір сәтте ол, жүруге қындық келтіретін «Кукушканың» салдарынан атқыштар бөлімшелерінің атта қалғанын байқады. Үлкен қиындықпен ол мергенді анықтап, оны дәл оқпен жойды. Осы кезде біздің пулеметті жою мақсатымен биіктікке қарсыластың бірнеше солдаты жақындай бастады. Туркин екі гранатамен жауды жойып, пулеметінің оғымен Варбичи селосына шабуыл жасаған атқыштар бөлімшелерін қолдауын жалғастырды.

1941 жылдың 10 қыркүйегінде Архангельск жолындағы ұрыс барысында Петропавл тері өндіру зауытының жұмысшысы 1076 полкі 5 атқыштар ротасының саяси жетекшісі ерекше көзге түсті. Осы ұрыс барысында 5 рода жауыс басым күштерінің қысымына тосқауыл қойып, 1076 полкіне қорғануға мүмкіндік берді. Осы сәтте аса қауіпті жерлерде өзінің жеке үлгісімен жауға тойтарыс беруге сарбаздарды шақырған Денисовті көруге болтын.

1941 жылдың 22 қыркүйегінде қарсылас басып алған Варбичи селосына шабуыл барысында Денисов саяси жетекшісі өзінің 5 ротасын алғаш болып көтеріп, ұрысқа бағыттып, өз сарбаздарының алдында жүріп отырды. Осы шайқаста Денисов Михаил Павлович батылдар өлімімен қайтыс болды.

Сержант Панюшкин Роман Мартинович 1941 жылдың 7 қыркүйегінде Лодейное поле қаласының маңында болған дивизиямен өткізілген әскери амалдардың бірінші күні өз взводымен қарсылас басып алған карама-қарсы жағажайға өтеді. Взвод қоршауға түседі. Бірақ та взвод командирі Панюшкин өз жауынгерлерін қоршаудан сәтті шығарып, 2-батальон 2-ші атқыштар ротасының қарамағына жеткізеді.

Булаево селосынан келген 1078 атқыштар полкі байланыс ротасының



қызыл әскер жауынгері Наретин Василий Никитович өз міндеттерін адам орындаумен қатар, Великий Двор мен Юнсевичи селосының ауданында капитан Блак тобының әскери амалдары барысында, тбандылық пен батылдықты көрсетіп, қарсыластың 20 жауынгерін жойды.

76-мм қаруының көздеушісі қызыл әскер жауынгері Котлярен Иван Андреевич 1941 жылдың 17 қыркүйегінде Свирьстрой аумағында болған ұрыс барысында, қарудың жанында қалып, жалғыз тура көздеумен жауды атып, қарсыластың шабуылына тойтарыс берді.

Күз бен қысты дивизия қорғаныста өткізді, бірақ ол қарсылас күштерін қалжыыратуға және шоғырлану орындарында жоюға бағытталған белсенді қорғаныс болды. Сарбаздар мен командирлер арасында мергендік қозғалыс кеңінен тарады. Қысқа мерзім ішінде 304 мерген дайындықтан өтіп, әскери шайқастардың бес айы ішінде қарсыластың 2411 солдаты мен офицеріін жойды. Жауды жақсы жоюшылар ретінде өздерін дивизия сарбаздары Зубков, Нуралин, Анохин, Кулинич, Тасля, Поваренко, Тениргалиев, Королев, Гураел жолдастары және тағы да басқалары көрсете білді.

1941 жылдың 21 қазанында қарсыластың бөлімшелері мен күштерін анықтау мақсатында 1074 атқыштар полкінің бір батальоны мен 1078 полкінің екі батальонынан тұратын бірлескен полк Свирь өзенін жүзіп өтті. Бірінші болып, таңда Сорокин Анатолий Михайловичның басшылығы астында 1074 полкінің бірінші батальоны жетті. Өзенді өту сәтті атқарылып, қарсылас жауап беру үшін өз күштерін жинастыра алмағандықтан қашуға мәжбүр болды. Тереңдігі 3,5 км құрайтын тұғызды басыпалып, жауынгерлер жауды қорғаныс пункті болып табылатын Новая Сегежа селосынан қудырды. Бірінші рота Горки және Коктемыды селоларынан ескі Сегежаға баратын жолға орнығып, қарсыласқа тез арада өз резервтерін көшіруге мүмкіндік берген жоқ. Үшінші рота оң жақтағы флангті жауып, екінші рота алғашқы екі ротаның ортасынан орын алды. Сол күні қарсылас жауапты соққыны жасау мақсатында Подпорожье жағынан бір батальонын аударды. Күн ішінде батальон қарсыластың екі шабуылына жауап берді. Кешке резервтегі күштерінің келумен финдер, Пресновка селосының тумасы старшина Михаил Иванович Ралдугин



басқарған бірінші ротамен қорғалатын позицияларға үшінші шабуылын жасады. Михаил Радугиннің әскери тәжірибесінің болғанын айту керек, ол үш мәрте қарсы жағажайға барлауға барып, жаумен көзбе көз кездескен болатын. Оның қылықтарын білген. Сондықтан, ол басқаратын ротаның жауынгерлері жауға деігейлі кездесуді ұйымдастырды. Ал финндер, өздерінің сандық басымдылықтарын біле отыра, шабуылға бойын көтеріп шапты. Олар жақын қашықтыққа келген уақытта, пулеметшілер жан жақтан от жаудырды. Атылған от қарсылас қатарында күйзеліс туғиды. Қарсылас алдымен жерге жатып, біздің позицияларға қарай жорғалай бастады. Қарсыластың рота орналасқан жерге келуін күтпестен старшина Радугин өз сарбасдарын ұрысқа көтерді. Сарбаздар

Сарбаздар батыл шайқасты. Жаудың аз саны ғана қашып үлгерді.

1078 полкі сержанты Кот Петр Ивановичтің взводы қарсыластың 4 шабуылына қарсылық көрсетіп, 50 астам солдат пен офицерді жойды.

Полктің 8 рота жауынгері, Петропавл қаласының тұрғыны Сыздыков Зейнулла Абильмажинович 1941 жылдың 24 қазанында орда жалғыз қалып, гранаталармен жаудың шабуылын қағып, от астынан жаралы төрт жолдасын алып шықты.

1074 полкі 2-ші ротасының саяси жетекшісі Замковой Иван Тереньевич 1941 жылдың 21 қазанында өткен ұрыста, рота орналасуна жаудың басып кіруіне аз уақыт қазған кезде, «Жолдастар, алға, менің артымнан. Ұр жауды» сөздерімен жауынгерлерді найзалық шабуылға ертті. Қарсылас артқа тастады, бітақ та саяси жетекшісі Замковой Иван Тереньевич қаза болды.

Әскери тапсырманы орындағаннан соң бірлескен полк 1941 жылдың 25 қазанында Свирь өзенінің сол жағасына шегінді.

Дивизияға сапар жасаған 7-ші жеке армияның қолбасшысы армия генералы К.А.Мерецков дивизия әрекетін жоғары бағалап, аса белгіленген жауынгерлер мен командирлерге ордердер тапсырды. Ленин ордені М.И.Радугинге, А.К.Подразовқа және И.А.Котляренкоге берілді. Қызыл ту орденімен майор Фокин А. М., лейтенанттар: Голиков Г. Н., Некрах В. Ю., Тямело М. Е., кіші лейтенант Корчинский Д. И., сержанттар: Панюшкин Р. М., Перемыкин Н. А., Квардаков Н. Ф., саяси жетекші Алек-



сандров С. С., және қызыл әскер сарбаздары: Ильканов Ильяс, Чужанов И. А., Ладынский А. И., Ефименко Я. Ф. и Храпов С. А. марапаталды.

Сонымен қатар, алғашқы ұрыстар үшін Ленин орденімен Полудино селосының тұрғындарым полковник Ковалев Н. В. және саями жетекші Лобутин В. С.; Қызыл ту орденімен Мамлютка селосының тұрғындары Алексеев Н. В., Амиров Ниебула, Петропавл қаласының тұрғындары Винников Д. И., Денисов М. П., Маринов Н. И., Замковой И. Т., Кижин В. Т., Мясников И. М., Орумбаев А. М., Пономарев М. Н., Попов И. М., Сыздыков З.А., Томаев Абокир, Туркин В. М., Карагандинский совхозының тұрғыны Голобородько Г. А., Пресновска ауданының тұрғыны Мелезнов В. Т., Ганькино селосының тұрғындары капитан Запорощенко А. В., Вехенский Г. В., Зимин И. В., Ибрагимов К. М., Иванов Д.Ф., Успенка селосының тұрғыны Иванов Е. А., Володаровка селосының тұрғындары майор Ивашко П. Ф., Карабан Г. И., Веселовка селосының тұрғыны Кот П. И., Көкшетау қаласының тұрғындары Кошелев В. Е., Красноштанов С. А., Ново-Успенка селосының тұрғыны Куприенко Н. И., Соколовка селосының тұрғындары Сапронов Н. И., Серых А. М., Зоринка селосының тұрғыны Стабровский В. П., Павлодар облысының тұрғындары Халин Н. М., Харченко А. К., Чевтеев Я. Ф.; Қызыл жұлдық орденімен Бреев А. Т., Кубасов А. Д., Сысоев Д. Ф., Трофимова В. Л. және тағы да басқалары марапатталды, барлығы 41 адам. 25 адамға «Ерлігі үшін» медалі, 35 адамға «Жауынгерлік еңбегі үшін» медалі берілді.

1941 жылдың 16 желтоқсанында ротадан батальонға дейін барлық полктерм ұрыс өткізу арқылы барлау ұйымдастырды.

Лодейное Поле қаласының аумағында 1078 атқыштар полкінің батальоны Свирь өзені арқылы өтіп, «Полевод» совхозып басып алды, қарсыластың гарнизонын жойды, олжа мен тұтқындарды қолға түсіріп, өз позицияларына оралды.

1076 атқыштар полкі Свирь өзені арқылы өтіп, Чубаркина Горка селосын, ал 1074 атқыштар полкі ұн үгіту зауытын басып алды.

1942 жылдың 11 сәуірінде дивизия бөлімшелері сол жағадағы алаңнан қарсыласты түсіру мақсатында Свирь-3 аумағында шабуылға көшті. Артиллерия және ауе қолдауының жеткіліксіз болуы себебінен тапсырма



ны толық орындауға мүмкіндік болмады, бірақ та қарсыласқа сезімді соққылар жасалды. Ұрыс алаңында жаудың 2000 астам солдаттары мен офицерлері қаза тапты.

Осы сәуірлік ұрыстарда, өз батылдығы мен ерлігін 1074 покінің сапері Гончар Павел Иванович (Сергеевка ауданы Семиполка селосының тұрғыны) көрсете білді, ол Кеңес Одағының батыры атағына ие болды.

1941 жылғы 21 ақпанның таңында 1074 полкінің алдында инженерлік жұмысты өткізу барысында, саперлер Гончар П. И., Успенев Т. и Юдаков В. П. жауды бірінші болып көріп, екі ротаның күшімен оған тойтарыс бере алды, окпен қағылған «КВ» танкін қолға алуға мүмкіндік бермей, Гончаров оның пулеметімен жауға оқ жаудырды, нәтижесінде қарсыластың 125 адамы жарақаттанып қаза болды.

Бұдан үш күн бұрын, Гончаров мырза дәл осы тәсіл бойынша оқ тиген XXX Т-34 танкінің экипажы мен көліктің өзін аман алып қалып, 8 қарсылас сарбазды өлтірген болатын.

Қызыл армия сарбазы Иван Никонорович Синяковский, Мамлют ауданы, Серебряки селосының тумасы, командирдің өмірін сақтап қалып, қаза тапты.

Әскери қақтығыстардың бірінші жылы дивизия сарбасдарына көп білім берді. Олар тәжірибе мен беріктік алды, өзара әрекеттесу мен іс-қимылдарға үйренді, әскерлерді басқару мен байланыс жақсарды, дивизияның атыс қуаты асып, жақсы басқару кадрлары пайда болды.

Дивизияның саяси органдарымен, дивизияның жеке құрамы арасында, сарбасдардың әскери рухын көтеруге, жауды жоюға, әскери шеберлікті жоғарлатуға бағытталған кешенді саяси-партиялық және жаппай түсіндіру жұмысы ұйымдастырылды. Айтатыны жөн біздің солдаттар мен офицерлердің көңіл күйі әрдайым көтеріңкі болды. Жауынгерлердің мыңдағаны Коммунистік партияның қатарына кіре бастады.

Свирь өзенінің бойындаболған шайкастарда 314-ші дивизияның командирі полковник Ковалев И.В., дивизия комиссары, бригада комиссары Колесников В.Т., 858 артиллерия полкінің командирі майор Ивашка П.Ф. және басқалары қаза болды.

1942 жылдың жазында неміс басшылығы Ленинградты басып алу



үшін жаңа ірі операцияны құрастыра бастады. Аталған операцияны өткізу үшін, Ленинград астында әрекет еткен 18-ші армияны күшейту мақсатында Қырымнан 11-ні неміс әскерінің өлшемді бөлігі және Батыстан бірнеше әскери бөлімшелер аударылды.

Қарсылас Ленинград маңында артиллерияның ірі күштерін шоғырландырды, операцияның жалпы басшылығы фельдмаршал Манштейнге артылды.

Алайда гитлерліктерге өз жоспарларын іске асыруға мүмкіндік тұрмады. Қарсыласты алдын-алып, Ленинград фронтінің Нева жеедел тобының әскерлері және Волхов фронтының оң қанаты 27 тамызды Синявинск бағытында шабуылға көшіп, Волхов фронтінің 8-ші армиясы бойында қарсыластың қорғанысын бұзды (Ұлы Отан Соғысының тарихы, 2т., 470-471 парақтар). Немістер Синявск бағытындағы кеңес әскерлерінің шабуылын тойтару мақсатында Ленинградқа шабуыл жасау үшін арналған әскерлерін бағыттауға мәжбүр болды. Екіжақты тұрақты шайқас басталып, бір айдан астам жалғасты. 1942 жылғы қыркүйектің соңында 2-ші ұрыс армиясы 4 және 6 гвардиялық корпусстардың әскерлері Синявск батбағының аумағында немістермен қоршауға алынды.

Қоршауды бұзу мақсатында Жоғарғы әскери басшылық аталған ауданға 314 атқыштар дивизиясын және өзге де бөлімшелерді бағыттады. 1942 жылдың 27 қыркүйегінде бөлімшелер Гонтовая Липка (Гайтолово) ауданына келіп тоқтады.

1942 жылдың 29 қыркүйегінде 1076 атқыштар полкі немістердің қорғанысын бұзып, қоршалған корпусстердің бөлімшелерімен қосылды. Қоршаудың бұзылған флангтерінде тосқауыл құрып, 314-ші атқыштар дивизиясы қоршалған бөлімшелерге техникамен бірге шығуға мүмкіндік берді, ол үшін 2-ші ұрыс әскерінің командирі дивизияның жеке құрамына алғыс жариялады. Қарсыластың шабуылын тоқтатып, дивизия бөлімшелері жаулап алған рубеждерін берік ұстады.

Немістер бірнеше күн бойы шабуылын жалғастыруға тырысып, қорғанысты жойғысы келді, бірақ та бұл олардың қолынан келмеді.

Осылай, 1942 жылдың 10 қазанында 1076 атқыштар полкі бір күн ішінде немістердің артиллерияның және танілердің қолдауымен болған 10 шабуылын қайтарды. 1942 жылдың тамызы – қазаны аралығында болған



осы шайқастарда екі тарапта айтарлықтай шығынға ұшырады. Өлідей және тұтқынға түскендермен есептегенде немістер 60 мыңнан астам адам жоғалтты. Сәтсіздікке қарамастан Волхов және Ленинград фронттары шабуылының жедел маңызы зор болды, себебі Ленинградқа шеруге арналған неміс-фашисттік әскерін қақтығысқа қатысуға мәжбір етті.

Соңынан, 1942 жылдың 4 желтоқсанына дейін дивизия осы ауданда қорғаныс қақтығыстарын жүргізіп, маңызды рубеждерді берік ұстады.

Біздің әскерлердің Сталинград, Кавказ және Москва маңындағы жеңістері, майдандағы жалпы жағдай, кезекке Ленинград қоршауын бұзып, батыр қорғайшыларға жер байланысын беруге әскери міндеттер артты. Бұл операция саналы және мұқиятты түрде дайындалды. Қоршаушы бұзу ауданында Волхов және Ленинград фронттарының жаяу әскері, артиллериямен әуе күштерінің желкілікті саны шоғырландырылды. Бір айдан астам әскерлер шабуыл ұрысын жүргізу ережесін және алдағы талаптарды орындауды үйренді.

Шабуыл алдында әскерлердің іс-қимылын үйлестіру және әскери міндеттерді қою мақсатында Лажодское көлінің жағасындағы Шельдиха селосына кеңес одағының маршалы К.В.Ворошилов келді. Сарбаздардың әскери шабуылы өте жоғары болды.

314-ші дивизия алдында келесі міндеттер қойылды: неміс қарсылығының ірі буыны болып табылатын «Круглая» тоғайын аумағында шабуыл жасауға жолақтар дайындау, 1-ші Затон селосы жағынан «Круглая» тоғайын жаулап алу мақсатында шабуыл жасаған бөлімшелердің тараптарына қарсыластың өтуіне жол бермеу, алға шығып, «Круглая» тоғайының батысы мен оңтүстік-батысында қорғанысты ұйымдастыру.

Дивизия өз міндетін толық орындады, және одан артық, қалыптасқан ахуалдың нәтижесінде, 1943 жылдың 12 қаңтарында 1074 полкі дивизия командирінің бастамасы бойынша «Круглая» тоғайын жаулап алу үшін ұрысқа қатысты.

1941-1945 жылдардағы кеңес халқының Ұлы Отан Соғысының тарихында «Круглая» тоғайы III т. 127 парақ болып белгіленеді.

Айналысындағы батпақтық мекеннен жоғары орналасқан «Круглая» тоғайының қорғаныс бекеті осылай көрінеді. Қорғаныстың алдыңғы



шеті көп санды өрт құрадарына толы болды. 100-ден астам пулемет пен артиллериялық қару, сым қоршауының желісі, мина алаңдары, биіктігі 1,5, ені 1 және 2 метрді құрайтын жер білігі қорғаныс бекетін алдырмай-тындай қылды. Аяздың келуімен гитлерліктер жарларды сумен құйып, оларды мұзға айналдырды.

Осы жердегі және батыстағы жаудың барлық қорғаныс бекеттері ортақ траншеямен қосылды. Кейбір жерлерде екінші траншеялар қазылды. Шлиссельбургск-Синявинск қасындағы жау әскерінің қалыңдығы неміс уставымен қаралған сандардан екі есе көп болды. 1074-ші атқыштар полкі шабуылдағы бөлімшелерге жолақтарды дайындау бойынша артылған міндеттерін орындады.

Аталған полктің сарбаздары неміс қорғанысын үзіп, «Круглая» тоғайындағы қарсылық көрсеткен бірқатар буындарды жойды. «Круглая» тоғайы үшін ұрыста 1074-ші полк қарсыластың 1100 астам солдаттары мен офицерлерін жойып, 6 танк пен 39 адамды тұтқынға алды.

Осы ұрыстарда, жауға біздің артиллерия мен әуе күштерінің барлық құаты жұмсалды. Жарылыстар дауы бір жарым сағаттан артық жалғасты.

Дивизия сарбаздары 1943 жылдың 12 қаңтарында шабуыл алдында болған осындай қуатты артиллериялық дайындықты алдында көрмеген болатын.

Шабуылдың 6 күні, 1943 жылдың 18 қаңтарында Волхов және Ленинград майдандары қосылды. Ленинград астында көптен күтілген жеңіске қол жетізілді.

1943 жылдың ақпанында жаудан босатылған жерде, Жихарево бекетінен Шлиссельбургке дейін Нева өзені арқылы Синявинск батпақтарына дейін темір жолы салынып, азық-түлікпен және қару-жарақпен артылған эшелондар Ленинградқа жол алды.

1943 жылдың 29 қаңтарында Круглая тоғайының алдында алты адамнан тұратын 1078 атқыштар полкі 3-ші ротасының жауынгерлері өлмес ерлік жасады.

Рота командирі аға лейтенант Петрушин, взвод командирлері Никитин және кіші лейтенант Сергазин, санитарлық нұсқаушы Куликов және қызыл әскер жауынгерлері Шукубаев пен Ломакин гранаталармен қару-



ланып, қарсыласқа жорғалап барып, рота командирінің белгісі бойынша жауға шапты.

Фашистерге граната лақтырып, олар қашып бара жатқан фрицтерді ата бастады.

Батыл алты жауынгерге қарсы қарсылас 30 адам тастап, оларды жерге көмілген танктердің қуатты оғымен қолдады. Біздің жауынгерлер оларға лақтырылған неміс гранаталарын ұстап алып, немістерге қайта тастай бастады.

Кескілескен қақтығыс барысында рота командирі Петрушин қаза тапты. Топ басшылығын лейтенант Сергазин өз мойнына алды және «Қайтыс болған командир үшін, Ленинград үшін» деген сөздер, снарядтің тікелей тиюі алдыңға айтылған соңғы сөздері болды. Бұл тең емес шайқаста, олардың барлығы, қарсыластық топты толық жойып, және өз өмірлерінің құнымен алдарына қойылған міндеттерді толық орындап, ерлікпен қаза тапты.

Ленинград қоршауын бұзу барысындағы ұрыстарда дивизияның жүздеген жауынгерлері ерлік көрсетті. Олардың барлығы Кеңес Одағының ордендерімен және медальдерімен марапатталды. Бұ Березин Т. Л., Никитин И. Р., Федоренко П. П., Симонов Г. Ф., Кашин И. М., Овчинников А. М., Косякин Г. А., Семененко Д., Доронин И. М., Жаринов Н. И. және тағы да басқалары. Осы ұрыстарда Кеңес Одағының батыры сапер Гончар Павел Иванович ерлікпен қаза тапты.

Солтүстік Қазақстан майданнан алыс болғанымен тыл мен фронт ортақ болды. Солтүстік Қазақстан облысының жұмыс істейтін адамдары соғыс бойы өз жерлестері – 314-ші дивизия жауынгерлерімен тығыз байланыс ұстады. Фронттағы дивизияға послка, сыйлықтар, хаттар мен нұсқаулықтармен берге бірнеше мәрте делегациялар жолданды. Екі жыл ішінде біздің жерлестермен фронтқа ұжымдық және жеке сыйлықтар түрінде 82 вагон жіберілді. Дивизия жауынгерлерінде қонақта біздің облыстың жұмыс істейтін адамдары атынан барған делегаттар құрамында жазушы Шухов И. П., партия аудандық комитетінің хатшысы Белова Т., ет комбинатының жұмысшылары Ибраев, Мусалимов, Рыжковский, Петропавл бекеті депосының машинисті Акимушкин А. Н. болды.



Ізгі сүйіншілікпен Қызыл Әскер жауынгерлегі үшін жылы киімдерді жинау жұмысы ұйымдастырылды. Соғыстың екі жылы ішінде Отан қорғаушыларына 121770 жылы киім жолданды: пималар, тондар, шалбарлар, қолғаптар ж тб.

Жерлестердің жомартты сыйлықтары, олардың жылы лебіздері мен қамқоршылықтары майдандағы жауынгерлерде жаңа күш қуаттың пайда болуына мүмкіндік берді. Өздері мен олардың отбасыларына көрсетілген қамқоршылыққа ризашылығын білдіріп, жауынгерлер фронттағы ерліктерімен жауап берді.

Дивизияқатарында ерлікпен және адалдықпен біздің әйелерде өз солдаттық қызметін атқарды. Санитарлар, медбикелер, байланысшылар, мергердер мен және тағы да басқа әскери кәсіптерді біздің қыздар меңгеріп, Отан алдындағы борышын адам орындады.

Батыл снайпер Степанова, медбикелер Чижевич және Трофимова дивизия жауынгерлеріне жақсы танымал болды.

1941 жылдың қазанында Свирь өзенінің жағасында болған барлау қақтығысында медбике Вера Трофимова жараланғандардың өмірін құтқару барысында ұрыс алаңынан 50 астам жауынгерді алып шықты. Күні-түні санитарлық роталар мен медсанбаттарда батыл әйелдер – медбикелер, дәрігерлер жараланған жауынгерлердің өмірін құтқарып, қызмет атқарды. Бұл Бочерикова Н. И., Лобахина М. А. және тағы да басқалары.

Москва, Сталинград, Курск, Ленинград пен Кавказда болған жеңістердің халықаралық маңызда зор болды. Баршыға кеңес қаруының қуаты, тарихта алдында болмаған кеңес жауынгерлерінің батылдығы мен қолбасшылардың шеберлігі фашисттік Германияны қайтарылмас катастрофа алдына қойғаны мәлім болды; бостандыққа құштарлы халықтар фашизммен күресте өздеріне деген сенімін артты.

1943 жылы болған біздің әскерлердің керемен жеңістері, әскери техника мен қаруды шығару бойынша біздің тылдың жетістіктері, 1944 жылы жау бойынша жаңа қуатты ұрыстар өткізіп, кеңес жерін басқыншылардан толық босатуға мүмкіндік берді.

1944 жылы 314 атқыштар дивизиясы басқыншыларды талқандап, біздің жерден кудалауға бағытталған екі маңызды операцияға қаты-



сты. Жауды Ленинград және Новгород облыстарының аумағынан толық қуып, қарсылас әскерінің жартылай шеңберінде болған Ленинград қауіпсіздігін толық қамтуға уақыт келді.

Осы тарихи міндетті орындау Ленинград және Волхов әскерлеріне артылды. Екі фронттың әскери амалдары 1944 жылдың 12 қаңтарында басталды.

Олар әскерлердің алдағы операцияға мұқият және шеберлі түрде дайындалуына, қуатты оқ жаудыру құрамдарымен қамтуға, қарсыластың күштері мен құралдарының барлаумен, әскердің барлық түрлерімен тәжірибелі түрде басқару, жауынгерлердің шеберлігі және жауды жеңу қабілетінесипатты болды.

Отан біздің әскерлерді бірінші қатардағы әсери техникамен және қарумен қамтыды.

Ұрыс алаңдарында жаяу әскерлерімен қатар, артиллериялық дивизиялар, миномет полктері, «Катюша» РЖ дивизиондары, артиллериялық кондырғылардың өз бетінше жүретін полктері әрекет етті, барлық мақсаттардағы біздің авиация ауада басшылық етті, ірі танк бірліктері ұрыстарға қатысты.

1943 жылдың қарашасынан бастап, Ленинград фронтының резервинде болған 314-ші атқыштар дивизиясы шабуыл ұрыстарына дайындық бастады. Ол 2-ші ұрыс әскерінің құрамына кіріп, Фин шиганағы арқылы Ораниенбауман аумағына аударылды (қазіргі кезде Ломоносов қаласы). Дивизия 1944 жылғы қаңтардың басында Фин заливі арқылы мұздың 6-7 см қалыңдығында тұман басқан түн ішінде Лисий Нос ауданынан Ораниенбаум бағытында 18-20 км қашықтықта тізбек бойынша атқарылды. Әскер алдында дивизия командирі генерал-майор Алиев И.М. полктер мен бөлімшелердің командирлері жүрді. 1944 жылдың қаңтарында өткен операция барысындағы Ленинград және Волхов фронттарының әскери амалдары немец-фашистік әскерлерінің Ленинград астында толық қирауына әне Ленинград жерінен толық қудалануына әкелді. Осы ұрыстарда 314 дивизия Жоғарғы Қолбасшының бұйрықтарында өтіп, жақсы бекітілген Кингисепп қаласын жаулап алғаны үшін, оған «Кингисептік» атауы беріліп, алғыс жарияланды және Нарва өзенін өткендері



үшін оларға алғыс жарияланып, біздің Отанымыздың астанасы Мәскеу қаласында салют атылды.

Аталған ұрыстарда дивизия жауынгерлері жаппай ерлік көрсетті. Қызыл Әскер жауынгері Петропавл қаласының тұрғыны 1076 полкі 7-ші атқыштар ротасының партиялық ұйымдастырушысы Ластовец Николай Сидорович басты танкіде, бір топ жауынгерлермен бірге, немістермен бекітілген Большие Губеницы елді-мекеніне басып кірді. Ол жеке өзі жаудың машиналарына 6 граната тамтап, қоян-қолтық ұрыста 8 фашисті өлтірді. Танк қағылғаннан кейін Николая Ластовецтің тобы танктің қорғанысын ұйымдастырып, немістердің екі шабуылын қайтарды, ал Ластовецтің жеке өзі 23 фашисті өлтірді.

1076 полкінің жауынгерлері танк десантінің құрамында Волосово қаласын басып алып, оны 16 сағат ішінде біздің негізгі күштеріміздің келуінше қорғаған. Ново-Павловка селосының тұрғыныстаршина Мустаканов ГазизИслямович өз автоматынан 28 фашисті жойған. Нарва өзінің артындағы алаңда жауынгерлер немістер шабуылының көптеген санын қайтарды.

Атқыштар бөлімшелеріне өзінің салмақты көмегін біздің артиллеристер көрсетті. Бұл үшін Петропавл қаласының тұрғыны лейтенант Турков Георгий Федорович басқарған зеңбіректердің тура көздеумен атуы ұйымдастырылды.

1944 жылдың 10 наурызында Турковтың артиллеристері, болған ұрстардың бірінде фашистерді жақын қашықтыққа жіберіп, оларды толық жойды.

Бірінші атудан кейін зеңбіректің жанында қарсыластың 25 солдаты мен бір офицері жойылып, қолғандары қайта оралды.

858 артолк батареясының барлау бөлімшесінің командирі Сергеев ауданы Ольгинка селосының тұрғыны Терещенко Степан Филиппович немістердің шабуылға дайындалып жатқанын байқап, өз бетінде батареяның оқ атуын бастап, 35 немісті жойып, қарсыластың шабуыл жасауына мүмкіндік бермеді.

Дивизияның үздік мергені аға сержант Федор Поваренко қарсыластың 198 солдаты мен офицерін жойды.



Нарва өзенінің алаңында болған ұрыстарда бұл батыл адам өз өмірінің құнымен 1074 атқыштар полкінің туын құтқару барысында батырлар өлімімен қаза болды.

Аталған шабуыл ұрыстарында дивизия Ломоносовадан бауырлас Эстонияға дейін, ондаған ірі елді мекендерді босатып, 170 астам километр өтті.

Осы босатылған жерлерде дивизия жауынгерлері неміс-фашист басқыншыларының сойқан қатыгездіктеріне куәгер болды, өз жолында олар күйген елді мекендерді және атылған бейбіт тұрғындарды көрді. Бұның барлығы жауыға деген қаһарлық пен өшпенділікті арттыра түсті. Біздің жүздеген жайынгерлер осы ұрыстарда өз ерлігі мен батылдығын көрсетіп, оың 679 Отанның марапатына ие болды.

1944 жылдың маусымында фронтта қалыптасқан стратегиялық жағдай, Волхов және Ленинград фронттарындағы әскерлердің босатылуы Жоғарғы Басқолбасшылыққа Генманияның одақтасы – Финляндиянв соғымтар шығару мақсатында өзінің негізгі күштерін фронттың сол жағына бағыттауға мүмкіндік берді.

1944 жылдың жазына қарай, біздік әскерлер мен әскери техниканың Ленинград фронтындағы Карель өтпесі мен Карель фронтында Ладожское көлінен Баренцево теңізіне дейін шұғырлануы аяқталды. 314-ші дивизия екі-үш ай демалыс пен дайындықтан кейін, Ленинград фронтының өзге әскерлерімен қатар 1944 жылдың 10 маусымында фин шығанағы бойында Выборг қаласы бағытында шабуылға көшті.

Шабуыл ұрыстарына дайындық «Ленинград үшін шайқас» кітабында (Қорғаныс Министрлігінің әскери баспасы, Мәскеу, 1964 жыл, 456-457 парақтар) осылай жазылған: «Ленинград фронтының финдер қорғанысының екінші жолағын бұзуға дайындық барысында, саяси-партиялық жұмыс, алдындағыдай басшылық қойған жауынгерлік міндеттерін сәтті орындауға бағытталған болатын. Ол «Карель өтпесінде жауды талқандаймыз. Кеңес жерін неміс-фашистік басқыншылардан босатамыз. Выборг қаласын кеңес қалаларының отбасына қайтарамыз!» ұранымен өткізілді». Жағдай мүмкіндік берген жерлерде, бөлімдер мен бөлімшелерде жеке құрамның қатысуымен митингтер және жиналыстар ұйымдасты-



рылды. Озық бөлімдер мен бөлімшелерде жеке және топтық әңгімелер өткізіліп, Жоғарғы Басқолбасшының ризашылық бұйрықтарымен фронт Әскери Кеңесінің бұйрықтары оқытылды.

Фронт Әскери Кеңесінің бұйрықтары бұйрықтары мен үндеулерін барлық жеке құрамға жеткізуде бөлімшелердің жетекші офицерлері белсенді қатысты. Осылай, мысалы, 314-ші атқыштар дивизиясында бұл жұмысты дивизия командирі, штабтар мен полктердің командирлері, басшылары және басқа да офицерлері өткізді.

Дивизияда өткізілген нақты және мақсатты саяси-партиялық жұмыс, бөлімдер мен бөлімшелердің әскери бірігуіне, жеке құрамның моральдық-саяси көңіл-күйінің нығайуына үлес қосты. Сол себепте, өз сөздейінде жеңіске сенімді солдаттар мен офицерлер, салтанатты түрде басшылық қойған міндетерді адал орындауға және жауды толық жоюға ант берді. Сондықтан дивизияның көптеген жауынгерлері алдағы ұрысқа коммунистер ретінде баруға тырысты. Әскери Кеңес бұйрығымен танысқаннан кейінге тек бір күн ішінде, 314-ші дивизияның бөлімшелерінде партияға кіру үшін 100 астам арыз жазылды.

Қарсыластың қорғанысы орман-батпақ аймақтарымен өтіп, ол ұзақ мерзімді құрылымдар желісін салып үлгерді. Бұл межеге келетін барлық жолдарға миналар салынып, 3-5 қатар тікенді сым қатарымен қорғалды. 14 маусымда бөлімшелер шабуылмен қарсыластың қорғанысын үзіп, Маннергейм сызығына шықты. Салмақты артиллериялық және авиациялық дайындықтан кейін, дивизия бөлімшелері Иоси-Иоки өзенінен өтіп, жаудың қасыласуына қарамастан оны Маннергейм сызығынан ұрып шағарып, шылдам шабуылға көшіп, Выборг қаласына шықты.

1944 жылғы 20 маусының таңында қалаға шабуыл басталды. Жылдамды шабуыл арқасында жауынгерлер жауды Выборг алдындағы қарғаныс аудандарындағы орлар мен дзоттардан қуып шағырып, қаланың оңтүстік жағасына шықты. Қарсылас әр ғимаратты қорғаныс торабына айналдырып, бірнеше мәрте, тантердік қолдауымен қарсы шабуылға шықты. Бірақ та дивизия бөлімшелері әр ғимаратты, әр көшені тазарта отыра алға қарай жылжып отырды. Қала босатылды. Маннергейм сызығын үзу мен Выборг қаласына шабуыл барысында Солтүстік қазақста-



дықтар тағыда өз батырлығы мен ерлігін көрсетіп, 1115 адам ордендермен және медальдермен марапаталып, дивизияның барлық полктеріне «Выборгтық» атауы берілді. Выборгты алғандары үшін жауынгерлер үшін Мәскеде салют атылды.

1076 полкі 2-ші атқыштар дивизиясының атқышы, Сиколов ауданы Николаевка селосының тұрғыны Агапов Семен Яковлевич, такн десантының құрамында болуы кезінде, Выборг қаласына баратын жолда өзен пайда болғанда, оны алғаш болып жүзіп өтіп, артынан өзге жауынгерлер ерген.

1074 полкінің ту ұстаушысы Явленка селосының тұрғыны сержант Мормоль Илья Иванович Выбор қаласына шабуыл барысында тумен бірге полктың әскери қатарында болған.

120 мм минометтер батареясының көздейшісі Афонькино селосының тұрғыны Шматков Карл Миронович өз минометінен қарсыластың 20 жуық солдаттары мен офицерлерін, бір 122 мм минометін, 2 қол пулеметін және бақылау пунктін жойған, ал болбілеу кезінде екі қызыл әскер жауынгерін көтеріп шығарып, медициналық көмек көрсеткен.

Выборг қаласына шабуыл жасау барысында аға лейтенант Ясев өз ротасын көтеріп, бірінші болып, қарсыластың траншеяларына басып кіріп, жеке өзі 12 солдатты жойған.

Оның ротасы бірінші болып, Выборг қаласына және темір жол станциясына басып кірген. Ол жеке түрде зауыт мүржесіне Қызыл туды тақты. Бұл ту қазіргі кезде Выборг қаласының мұражайында сақталуда.

Коммунист сержант Брагин М.М. басқарған 6 адамнан тұратын барлаушылар тобы, Выборг қаласының маңында көрінбестен қарсыластың танк тобына жақындап, қызметшілерді жойып, 4 танкіні жаулып алды, оның 3 жүруге қабілетті болды. Екі танкіні олар танк бөліміне тапсырып, біреуін өз бөліміне мініп келді.

1944 жылдың 19 маусымында бомбілеу кезінде, оқ-дәрілер қоймасы жанып кетті. Буденовкс селосының тұрғыны аға сержант Лаптев Филипп Максимович, өз өмірін тәуекелге салып, күйіп жатқан мина жәшіктерін лаптырып, оқ-дәрі қоймасының күйуіне жол бермеді.

Дивизия жауынгерлері Выборг қаласының бірінші комендатты ретін-



де 314 атқыштар дивизиясының командирі генерал-майор Алиев Иван Михайловичті тағайындау хабарын қуанышпен қарсы алды.

Карель өтпесі мен Карель Фронтындағы неміс-фин әскерлерін тез арада жою, біздің армия күшінің өсуіне, жауынгерлердің жаппай ерліктеріне, олардың шеберліктеріне, әскери қолбасшылардың шелерліктеріне орай мүмкін болды.

Финляндия соғыстан шығып, бітімгершілікті сұрады. Сайман-Каналда болған ұрыстарда біздің жерлес, батыл және шеберлі саяси қызметкер майор Жаринов Н.И. қаз тапты. Онымен бірге, 1078 полкінің командирі полковник Верещак В.Е. қаза болды.

Болған ұрыстарда жауынгерлердің жауы жеңі шеберлігі шындалды. Соғыс барысында әскерлерді шеберлі басқартын біздің армияның керемет басқару кадрлары өсті. Барлық деңгейдегі әскери операциялар жеберлі түрде дайындалып, өткізілді.

314 дивизияны құрастырып, алғашқы ұрыстарда басқарған генерал-майор Шоменков А.Д., Азаматтық соғысқа қатысушы, қазіргі кезде Кеңес Одағының Батыры. 1942-1944 жылдар аларығында дивизияны генерал-майор Алиев А.М. бсқарды – шеберлі және талапты командир. Оның басшылығымен 314-ші дивизия Ленинград блокадасын бұзі, Кингисепт қаласын алу, Нарва өзенін басып өту кезінде және Карель өтпесінде болған ұрыстарда ірі жеңістерге қол жеткізді. 1942 жылдан бастап соғыс соңына дейін, дивизия саяси бөлімінің бастығы ретінде полковник Александров Г.И. болды – қарапайым, жоғары білімді, дивизия бөлімшелеріндегі саяси-партиялық және тәрбиелеу жұмысын шеберлі деңгейде өткізген адам. Керемет басқару кадрлары дивизия құрамында біздің жерлестеріміз қатарынан да шықты: майор Жаринов Н.И., алдында паровоз машинисті болып жұмыс істеген партия обкоманың инструкторы, дивизиядаға лауазымы – партиялық ұйымдастырушы, 1078 кп комиссары, подполковник Ивановский В.И. – батальон командирі, 1078 кп командирі, майорлар Алексеев И. А., Феденев Б. Г. – дивизия бөлімшелерінің тжірибелі саяси қызметкерлері. Туркин В. М., Суворов Г. Г. – қатардағы жауынгерлерден атқыштар батальондарының команддирлеріне дейін жетті. Және ұрыс барысында көзге түскен дивизияның өзге де ондаған



жауынгерлері басқару және саяси лауазымдарға тағайындалды. 314 атқыштар дивизиясының кейбір жауынгерлері ірі әскери қолбасшыларға дейін жетіп, Кеңес Әскерінің қатарындағы қызметін жалғастырды.

Осылай Гурьев Павел Васильевич қызметін 1073 кп взвод командирі лауазымында бастап, соғыс соңына 1076 кп командиріне дейін жеркен, қазіргі кезде Кеңес Әскерінің генерал-лейтенанты. Біздің жерлес, Петропавл қаласының тұрғыны Мединин Игорь Васильевич – полковник, ракета әскерлерінің артиллеристі.

Батылдық пен әскери шеберлік үшін Отан 314 дивизия жауынгерлерінің ерлігін жоғары бағалады. Олардың бірі Павел Иванович Гончар Кеңес Одағының батыры атағана ие болды.

Төртеуі солдат ерлігінің жоғары наградасы – даңқ ордендерінің толық кавалері атағымен марапатталды – Брюханов Антон Никитович, Грызалов Виктор Андреевич, Озорин Никифор Максимович, Пендюрин Петр Максимович.

Соғыстың бірінші жылдары дивизияның әскери амалдарына қатысқандар: қазірге кезде Кеңес Одағының Батыры генерал-лейтенант Шеменков, даңқ ордендерінің толық кавалері – Пресновка селосының тұрғыны Батырев Я. И., петропавл қаласының тұрғыны Пупенко А. А.

1944 жылы Кеңес әскерімен сәтті өткізілген стратегиялық операциялардың арқасында Баренцево және Қара теңіздері ортасындағы аймақ фашист басқыншыларынан толық босатылып, әскери амалдар біздің Отанымыздан тыс жерге аударылды.

Біздің қарцлы күштеріміз өзінің интернационалды парызы – құлшылықтағы Европа қалықтарын босатуға кірісті. Финляндиямен шекарада шекаралық бекеттер салуды аяқтап, 314 дивизия 59 армия қатарында, 1944 жылдың соңында Польшаға, Сандормир тұғырына, Висла өзенінің сол жағасына аударылып, бірінді Украин фронтының құрамына кірді, сол жерде біздік әскерлердің шұғырлануы аяқталып, естелік Висло-Одер операциясына дайындық жүргізілді, оны атқарудан кейін біздік әскерлер фашистік Германияға басып кірді.

1945 жылдың 14-31 қаңтары аралығында дивизия Сандомир тұғынынан шабуылға шығып, ұрыстар өткізіп, 216 км алға басып, 237 елді



мекенді босатты, олардың қатарында Мехув, Олькуш, Катовицы, Со-
сновец, Глейвиц қалалары. Польшаның ірі өнеркәсіп орталығы болып
саналатын Домбров көмір байсейенін босатқанц үшін 314 дивизия 11
дәредедегі Кутузов орденімен марапатталды.

1945 жылдың 31 қаңтарында дивизия бөлімшеоері Одер өзеніне
шығып, 1 ақпанда 1074 және 1078 Выборг атқыштар полктері Одер
өзенін жүзіп өтіп, оның батыс жағажайында екі тұғыр құрды.

1074 ҚП 2-ші пулеметшілер ротасының ауыр пулеметтің бірінші но-
мері Ефрейтор Дмитриев Григорий Николаевич Одер өзенін бірінші бо-
лып жүзіп өтіп, пулемет оғымен батальон бөлімшелеріне өзенді жүзіп
өтуге мүмкіндік беріп, қарсыластын ротасын шашып, екі пулемет бе-
кетін жойды. Тұғырды ұстау барысында 6 қарсы шабуылды қайтарды.
Осы шайқаста екінші мәрте жараланып, қатарда қалды. Шабуыл бары-
сында жалғыз өзі жаудың 40 солдаты мен офицерін өлтірді.

1078 ҚП 76 мм зеңбіректер батареясының көздеушісі сержант Капе-
нос Степан Тимофеевич 1945 жылдың 1 ақпанында Одер өзенін жүзіп
өту барысында, қарсыластың артиллериялық минометтік және автомат-
тық-пулеметтік оқ жаудыруы астында өз қаруын плот арқылы өткізді.
Өзен ортасында қарсыластың оғымен плот жартылай жоылды. Бірақта
жауынгер шатасқан жоқ. Қосалқы құралдармен тепе-теңдіктік жөнге
келтіріп, өз қаруын өзен арқылы өткізді.

Қару командиріу жарақаттанып, сержант Капенос басқаруды өз қо-
лына алды. Қарсылас бойынша көздеген оқ атып, екі «Фердинандты»
қағып, 50 жуық солдат пен офицерді жойды.

1945 жылдың 19 ақпанына дейін, дивизия Одер өзенінің батыс жаға-
сындағы тұғырды кеңейту үшін ұрыс жүргізді. Одер өзенін жүзіп өтіп,
оның батыс жағасында тұғыр құрғандары үшін 942 адам Кеңес Одағы-
ның медальдерімен және ордендерімен марапатталды.

1945 жылдың наурызында 314 дивизия немізтердің Оппельн топтама-
сын жоюға қатысты. Осы операция үшін, дивизияның барлық полктері
КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумымен Александр Невский орденімен
марапатталды.

1945 жылдың сәуірінде және мамырының басында дивизия Германия



(Силезияда) аумағында шабуыл ұрыстарын өткізіп, Нейштауб, Франкенштейн, Нейсе, Глац ж.т.б. Қалаларын босатып, тұтқынға қарсыластың 19123 солдаттарымен офицерлерін, 102 самолет ж. т.б. олжаларды қолға түсірді.

Ұлы Отан Соғысын 314-ші Кингисептік Кутузов орденінің дивизиясы және оның Выборг Александр Невский орденінің полктері 1945 жылдың 11 мамырында Чехословакия аумағында, астанасы Прага қаласынан 50 шақырым жерде орналасқан Градец Кролавский қаласында аяқтады.

Чехословакия және Польша халқымен толқылатын жіне ұмытылмас кездесулер мәңгілік есте қалатын болады. Босатылған елді мекендер мен қалалардың тұрғындары жауынгерлерді гүлдермен, сыйлықтармен, қызыл жалаулармен және көз жстарымен қарсы алды.

1969 жылдың жазында 20 адамнан тұратын 314 дивизия ардагердері Ленинград облысына 314 дивизияның ұрыс лаңдарына сапар жасады. Олар қан төгіс шайқастар және дивизиямен өткізілген әскери ұрыстар болған жерлерге барды. Бұл Подпорожье, Свирь-3, Лодейное Поле, Заостровье, Синявинск батпақтары, Черная речка, Шлиссельбург, Ломоносово, Гастилицы, Губаницы, Кингисепп, Сланцы, Нарва, Выборг, Саймон-Канал.

Аталған сапар кеңес халқының фашистік Германияның жеңгеніне 25 жыл толуына орай және өз өмірлерін Отан үшін қиған жерлестерімін жауынгер солтүстік қазақстандықтарды еске алу үшін ұйымдастырылды. Қазіргі таңда бұл жерлерді тану қиын.

Дивизия және оның жауынгерлері жөнінде көп ақпарат жиналды. Қазіргі кезде, 314 дивизияның әскери жолы жөнінде, ардагерлердің сапары жөніне және фотокөрме турады фотоальбомдар әзірленді, өзге материалдар да дайындалуда. Жұсысшылар және соғыс болған аудандардың жергілікті билігі қайтыс болған жауынгердердің естелігі үшін жұмыс жасады. Монументтер салынды, жауынгерлердің сүйектері бауырластар зиратына қайта жерленді, есерткіштер салынып, үнемі гүл ошақтары қойылуда.

Бауырластар зиратында жерленген бірдің жерлестеріміздің тізімі нақтыланды.

1971 жылдың жазында дивизия ардргерлері Петропавл қаласының



жастарымен бірге, 314 атқыштар дивизиясының әскери даңқ орындарына Ленинград облысына қайтадан барып, жерлестердің бауырлас зираттарына ескерткіш таяқшаларын апарып, осы аудандардың комсомолдықтары мен жастарына дивизияның іскери жолы мен жауынгерлердің ерліктері туралы кітапшаларды тапсырды.

Неміс-фашистік басқыншыларды жеңуге көптеген халықтар үлес қосты. Соғыс барысында күшті фашизмге қарсы бірлестік пайда болды. Польша, Чехословакия, Югославия іскерлері және соғыс аяқталу кезеңінде Болгария и Румыния әскерлері батыл шайқасты. Қарсыластың тылында біздің даңқты партиандар жігерлі күрес жүргізді.


Сонымен қатар, халық тарихтың шындығын ұмытпауы керек. Оның айқыны келесіде: кеңес халқы, оның батыл Қарулы Күштері Гитлер Германиясын жеңуде шешуші роль ойнады.

Кеңес елінің батыр әскері неміс-фашистік басқыншылардан Болгарияны, Венгрияны, Польшаны, Румынияны, Чехословакияны, Югославияның шығыс аудандарын, Австрияның көп бөлігін, северные районы Норвегияның солтүстік аудандарын босатты.

Кеңес армиясы мен флоты шынымен батырлық жолды өтті. Өз дамуындағы барлық кезеңдерде ол Отанына кеңес халқына, коммунизм идеяларына қызмет атқарып, Коммунистік партиямен және кеңес үкіметімен қойылған жоғары талаптарды игілікпен атқарады.

Ұлы Отан Соғысының қатаң жылдары, біздік еліміз үшін ажалды қауіп-қатер төнген кезде, Кеңес Қарулы Күштері социалистік Отанның арын, бостандығы мен тәуелсізділін қорғап қалып, Европа мен Азиядағы көптеген қалықтарды фашистік және империалистік құлшылықтан босатуда шешуі роль ойнап, прогрессивті адамзаттың құрметіне ие болды.















За нашу Советскую Родину!

**БОЕВОЙ ПУТЬ 314-ой КИНГИСЕППСКОЙ ОРДЕНА
КУТУЗОВА СТРЕЛКОВОЙ ДИВИЗИИ И ЕЁ ВЫБОРГСКИХ
ОРДЕНА АЛЕКСАНДРА НЕВСКОГО ПОЛКОВ**

**Пионерам и Школьникам города Петропавловска
от ветеранов 314-ой Кингисепской ордена Кутузова
стрелковой дивизии и ее Выборгских
Ордена Александра Невского полков**

**Подвигам земляков-североказахстанцев – жить века!
Они сражались за Родину, за город Ленинград –
колыбель Октябрьской революции**

**Материалы подготовили ветераны 314-ой Стрелковой дивизии:
Егошин П.А., Туркин В.М., Король И.Ф. при участии
старшего научного сотрудника облархива Шкуро В.И.**



Прошло 30 лет с начала Великой Отечественной войны, тяжелой, невиданной войны, навязанной немецко-фашистскими захватчиками советскому народу. Много бед, горя и страданий принесла война в каждую советскую семью: были разрушены многие тысячи наших городов и сел, заводов, фабрик и колхозов.

Сейчас выросло новое поколение советских людей, неизмеримо окрепла наша страна, небывало возросли ее экономическая мощь, ее наука, культура и благосостояние советского народа.

Каждый день приносит нашим людям новые радости и успехи. Творческий, радостный труд народов нашей социалистической Родины приближает нас к светлому будущему человечества – к коммунизму, приносит счастье каждой советской семье. Но никогда из памяти народной, из наших сердец не уйдут боль о родных и близких, о друзьях-товарищах, отдавших свои жизни на полях сражений за счастье родной Отчизны, за счастье своего народа.

Новое поколение советских людей, наша молодежь должны знать какой дорогой ценой доставалась нам победа в Великой Отечественной войне, должны знать подвиги своих отцов, матерей и братьев – сынов Великой Социалистической Родины.

С чувством гордости, с волнением вспоминаем мы события минувшей войны. Не только участники великих сражений, но и молодое поколение советских людей свято чтит память героев, в смертельных схватках с врагом, спасших светлое будущее человечества. Молодежь восхищается их мужеством, берет с них пример.

Стремясь уничтожить первое в мире социалистическое государство трудящихся и поработить советский народ, фашистская Германия и ее сателлиты бросили против СССР колоссальную военную машину. У советских границ в трех стратегических группировках было сосредоточено 190 дивизий – 5,5 млн. человек, более 3700 танков, около 5000 самолетов, более 47000 орудий и минометов и 193 боевых корабля. Советско-германский фронт сразу стал решающим фронтом второй мировой войны.

Опираясь на поддержку всего народа, руководимые коммунистической партией, Советские вооруженные силы сумели выдержать мощный натиск



